УВЕЛИЧИВАЕТСЯ ПАРК ВАГОННОГО ХОЗЯЙСТВА 3 стр.


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№12 (2396) 19/02/2019 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz


Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

**Адильжан ИСМУХАМБЕТОВ,**

**ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЕНЕРАЛЬНОГО ДИРЕКТОРА ПО КОРПОРАТИВНОМУ ОБЕСПЕЧЕНИЮ И РАЗВИТИЮ АО «КТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ» :**

**« В КОМПАНИИ СОХРАНЯЕТСЯ ЖЕСТКИЙ КОНТРОЛЬ ПРИ ПРИЕМЕ СОТРУДНИКОВ НА РАБОТУ, ПРОЗРАЧНА СИСТЕМА РОТАЦИИ КАДРОВ, В ТОМ ЧИСЛЕ И В РЕГИОНАХ. ПРЕДУСМОТРЕНА ЛИЧНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ РУКОВОДИТЕЛЕЙ ЗА НАРУШЕНИЕ НОРМ И ПРАВИЛ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ »**

НОВОСТИ

## ЗИМА НЕ СДАЕТ ПОЗИЦИЙ

**Более 1 200 километров пути очищено 15-17 февраля с помощью снегоочистительной техники во всех регионах Казахстана. Работниками дистанций пути убрано 14 250 кубометров снега.**

В пятницу по Акмолинскому отделению магистральной сети очищено 180 километров пути и убрано 6 000 кубометров снега. По Семейскому отделению в этот день техника работала на 105 километрах, вывезено 2 750 кубометров снега. В выходные семейские железнодорожники очистили более 315 километров пути и убрали 2 000 кубометров снега. 1 000 кубометров за три дня вывезено по Костанайскому отделению магистральной сети, 1 500 кубометров – по Актобинскому, в субботу там очистили более 600 километров пути. Работниками Павлодарского отделения в пятницу и субботу очищено порядка 5 километров и вывезено 750 кубометров снега.

Чуть менее снежными выдались выходные в других регионах. Так, по Карагандинскому отделению магистральной сети от снежного покрова очищено 50 километров пути, при этом количество убранного снега составило 250 кубометров. В Алматинском регионе технику по очистке снега задействовали на участке в 5,3 километра, снегоуборочные работы не производились. В остальных регионах эти дни и вовсе прошли без осадков.

Вчера в Астане зима вновь заявила о своих правах обильным снегопадом, но работники Астанинской дистанции пути со снегом справились самостоятельно.

*Любовь РОВБА*

## РАССТАВИЛИ АКЦЕНТЫ

**Вопросы интеграции Казахстана в международные транспортно-коммуникационные потоки и увеличение транзитного потенциала обсудили в центральном аппарате партии «Нұр Отан» с участием представителей Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS».**

Участники заседания комиссии партийного куратора по направлению «Индустриальное развитие» депутата Мажилиса Парламента Аманжана Жамалова рассмотрели проблемы развития транспортно-логистической системы и пути решения задач автомобильного, железнодорожного, водного и воздушного транспорта, отметив, что успешное функционирование всех видов транспорта оказывает существенное влияние на общий уровень развития экономики страны.

О системных проблемах транспортно-логистической отрасли, требующих скорейшего решения, в своем выступлении поведал генеральный директор СТК «KAZLOGISTICS» Ерлан Абсатов. По его мнению, нужно сделать акцент на сервисе, а это и внедрение IT-решений, и цифровизация процессов и алгоритмов, и сервис по отслеживанию грузов, а также модернизация внешних пунктов пропуска по примеру «Нұр жолы» на казахстанско-китайской границе.

Руководитель комиссии Аманжан Жамалов предложил подготовить письмо Премьер-министру РК с изложением существующих в транспортной отрасли проблем.

*Роман ЛЮБИМОВ*

СОВЕЩАНИЕ

# УСТРАНЯЯ КОРРУПЦИОННЫЕ РИСКИ



На селекторном совещании под председательством руководителя АО «НК «Қазақстан темір жолы» Сауата Мынбаева и с участием представителей Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции, руководителей структурных подразделений и филиалов компании обсуждены вопросы искоренения коррупционных рисков на железнодорожном транспорте.

Дина МУЗДУБАЕВА

Представители Национального бюро по противодействию коррупции проинформировали об итогах анализа коррупционных рисков в системе железнодорожного транспорта. Отмечена системность нарушений в сфере пассажирских и грузовых перевозок, связанных с дачей взяток контролирующим органам, получением незаконного вознаграждения от субъектов предпринимательства.

Сауат Мынбаев подчеркнул необходимость принятия мер по минимизации, устранению причин и условий, способствующих совершению коррупционных нарушений в железнодорожной отрасли и дал конкретные поручения по обеспечению прозрачности перевозочного процесса. Так, в числе прочих мероприятий по исключению коррупционных рисков запланирована аттестация сотрудников всех филиалов и структурных подразделений компании. Будет пересмотрена система приема на работу, перевода и повышения в должности сотрудников. В частности, передвижения по служебной лестнице впредь будут согласовываться с вышестоящим руководством.

Глава АО «НК «ҚТЖ» озвучил, что в перспективе все вагоны будут в управлении одной компании, и руководители региональных филиалов не смогут влиять на распределение подвижного состава. В то же время повсеместное внедрение программы АСУ «ДКР» позволит отслеживать местонахождение каждого вагона.

В рамках совещания поднимались и вопросы перепродажи пассажирских билетов перекупщиками, безбилетного проезда в поездах. Представители Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции предложили свои варианты решения существующих проблем. Например, не выставлять сразу все билеты на продажу за 45 дней до отправления поезда, а реализовывать их частями.

В настоящее время создана рабочая группа, в которую вошли представители Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции и АО «НК «ҚТЖ». Их главная задача – искоренение коррупции на железной дороге, исключение рисков.

*Продолжение темы на 3 стр.*

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

СОТРУДНИЧЕСТВО

# СФЕРА ИНТЕРЕСОВ ДВУХ СТРАН

Председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Сауат Мынбаев провел переговоры с чрезвычайным и полномочным послом Афганистана в Казахстане Мохаммадом Фархадом Азими о развитии сотрудничества в сфере железнодорожного транспорта.

Асель ШАЙХЫНОВА

Стороны обсудили текущее состояние и перспективы развития двустороннего сотрудничества в транспортно-логистической сфере между Казахстаном и Исламской Республикой Афганистан.

В ходе переговоров состоялся обмен мнениями по наращиванию объемов перевозок грузов, развитию связей в области железнодорожного машиностроения. – В последние несколько лет двустороннее сотрудничество Казахстана и Афганистана в целом характеризуется положительной динамикой развития. Активизировались контакты на высшем и правительственном уровнях, укрепляются межпарламентские и деловые связи, – отметил Мохаммад Фархад Азими.

По его словам, политическое руководство Афганистана и крупные представители местных деловых кругов демонстрируют заинтересованность в дальнейшем развитии торгово-экономических связей с Казахстаном. В данном направлении наиболее ключевыми сферами сотрудничества являются строительство железных дорог, сельское хозяйство, наземный, воздушный транспорт и другое.

По данным МИД, товарооборот между Казахстаном и Афганистаном за январь-октябрь 2018 года составил 401,3 миллиона долларов. При этом экспорт из Казахстана в Афганистан снизился на 4,2% и составил 397,8 миллиона долларов, импорт вырос в 3,2 раза и достиг 3,5 миллиона долларов.

Казахстан экспортирует пшеничную и пшенично-ржаную муку, природный газ, пшеницу, плоский прокат из нелегированной стали и семена льна. Афганистан импортирует свежий и сушеный виноград и картофель.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

# КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ КӨЛЕМІ АРТҚАН

Магистральдық желі дирекциясы өткен жылы қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылық оқиғаларының жалпы санын біршама төмендетуге қол жеткізген. 2017 жылға қарағанда былтыр қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтірген келеңсіздіктер 33 оқиғаға немесе 26% азайған, соның ішінде адам басу оқиғасы 16 оқиғаға кеміген.

Сұлугүл БАКЕСОВА

Бұл жерде атап өтерлігі, сандық көрсеткіштер 5 магистральдық желі бөлімшесінде жақсарған. Өткен жылы жүк қозғалысындағы жүк айналымы алдыңғы жылмен салыстырғанда 7,2%-ке өскен. Магистральдық желі дирекциясы директорының қауіпсіздік жөніндегі орынбасары Бахытбек Алдажаров бұл көрсеткіштердің жақсаруына алдын ала жүргізілген жұмыстардың оң септігі тиіп отырғанын айтады

Оның мәліметінше, бүгінде барлығы 1027,39 шақырым бас жол сауықтырылған, соның 867,19 шақырымы күрделі жөндеуден өтіп, 562,2 км жолға рельс бунағы төселіпті. Былтыр жоспарлы-алдын алу жұмыстары толық көлемде орындалған. Нақтырақ айтсақ, 300 мыңнан астам шпал ауыстырылып, 25 жаңа және 21 ескі жарамды бағыттағыш бұрма төселген, 152 жөндеу жиынтығы және 1281 айқас-тырма алмастырылған. Сонымен қатар 631,7 км жол бойына мал-жанның шығуына қарсы қоршаулар орнатылып, 832 қисық жол телімдері талапқа сай түзетіліпті. Бүгінде жолдың техникалық жағдайы 57 балға, яғни «жақсы» деп бағаланып отыр екен.



*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

«2018 жылдың 10-11 қыркүйек аралығында Астанада аймақтық және желілік деңгейдегі жол шаруашылығы басшыларының және ардагерлердің қатысуымен үлкен семинар-кеңес өтті. Міне, осы жиында жол шаруа-шылығының проблемалық мәселелері мен перспективалары қаралды, келешекте шешімін табуы тиіс міндеттер кешені анықталды. Мәселен, Дирекцияда жол аралығы, блок-телім ұзындығына тең келетін ұзын түйіспесіз жол бунақтарын дәнекерлеу технологиясын жетілдіру межеленіп отыр, бұл өз кезегінде буын жолдармен салыстырғанда пойыздар жылдамдығының қолайлылығы мен жатықтығын арттырады. Мұнымен қатар техникалық құралдардың жөндеу аралық мерзімін ұлғайтып, пойыздар тартымына кететін шығындарды төмендете түспек, сондай-ақ, тартымдық және белгі беретін электр тізбектерінің жұмыс сенімділігін арттырмақ», – дейді Бахытбек Мұқашұлы.

Маман сөзіне сүйенсек, жол шаруашылығы бойынша заманауи мобильді құралдардың базасында жол жағдайын мониторингілеу жүйесін әрмен қарай дамыту қарастырылып отырған көрінеді. Ол қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға, жолдың нақты жағдайы бойынша жөндеу жұмыстарын жоспарлауға және жобалауға, мерзімдік тексерулерді төмендету есебінен бақылауға кететін шығындарды азайтуға қатысты міндеттерді шешуге мүмкіндік бермек екен.

Ал Мобильді диагностикалық кешен бейнебақылау, рельс табанының геометриясы, магниттік дефектоскопия, ультрадыбысты дефектоскопия арқылы бақылау жүргізетін көрінеді. Алғаш МДК 2015 жылдың қыркүйек айынан бастап қолданысқа енгізіліпті. Міне, сол уақыттан бері биылғы жылдың қаңтарына дейін техника 84 мың шақырымнан астам жолды диагностикадан өткізіпті.

*(Соңы 2-бетте)*

ХАБАР-ОШАР

## ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

**«Жолаушылар тасымалы» АҚ орталық аппаратында Қоғамның бас директоры Арман Сұлтанов «Батыс» аймақтық филиалының қызметкерлерімен кездесіп, күн тәртібінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы мен Ұжымдық шарт нормалары қарастырылды.**

Компанияның құрылымдық бөлімшелері басшылары мен кәсіподақ ұйымының өкілдері жұмысшыларға заң нормаларын түсіндірумен қатар оларды қызықтырған сұрақтарға жауап берді. Әңгіме барысында жұмыс тәртібін сақтау мәселесі қаралып, Компания қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсартуға қатысты ұсыныстары назарға алынды. Сонымен қатар Қоғам жетекшілері сервистік персоналдың дайындық деңгейін арттыру және көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту есебінен Компания қызметінің тиімділігін арттыру бойынша келешек еншісіндегі жоспарлар мен қабылданып жатқан шаралар туралы ақпаратты көпшілік назарына ұсынды.

– Бүгінде «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамында шамамен 15 мың адам жұмыс істейді, соның 5 мыңнан астамы жолсеріктер болса, 1 мыңға жуығы билет кассирлері, ал өзге қызметтер мен мамандық иелері 8 мың адамнан асады. Өткен жылы ұлттық тасымалдаушы компания мен салалық кәсіподақ ұйымы басшылары арасында 2018-2020 жылдарға арналған Ұжымдық шартқа қол қойылды. Осы маңызды құжатта компания қызметкерлерінің еңбек құқығын қорғау, еңбекақы төлеу, демалысын ұйымдастыру және шипажайларда денсаулығын нығайту бойынша әлеуметтік кепілдеме қарастырылған, – деген «Жолаушылар тасымалы» АҚ кәсіподақ ұйымының төрағасы Нұрислам Сулейманов, Компания басшысының қызметкерлермен мұндай форматтағы кездесуі тұрақты түрде өтіп тұратынын жеткізді.

*Нұрбек БЕКЕН*

## ӘРІПТЕСТЕР КӨМЕК КӨРСЕТТІ

**Астана локомотив пайдалану депосында қайырымдылық акциясы өтті. Бұл шара аясында көп баласы бар қызметкерлерге, яғни машинистерге, слесарьларға, локомотив бригадалары демалыс үйінің қызметкерлеріне 500 мың теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілді.**

«Көп түкірсе – көл» деген, көпбалалы отбасылар үшін бұл қаражаттың өзі едәуір көмек болып отыр. Бұл ақшаға азық-түлік, киім-кешек, балаларға мектепке арналған оқу-құралдары сатып алынбақ. «Осы өз ұжымымызда да көпбалалылар жетерлік. Осы отбасыларға қаржылай көмек көрсетуге біздің барлық қызметкер бірауыздан келісім берді. Біздіңше, мұндай отбасыларға көмек көрсетуге жағдайымыз келісіп жатса, неге тыс қалуымыз керек», – дейді локомотив пайдалану депосы бастығының орынбасары Александр Недюжин.

Жалпы депода мұндай акциялар өткізіліп тұрады. Мәселен, қатал қыс маусымы қарсаңында жер үйде тұратын депо қызметкерлеріне көмір жеткізіліп берген. Сонымен қатар Ұжымдық шарт шеңберінде көпбалалы отбасылар мен толық емес отбасыларға Балаларды қорғау күні, Отбасы күні және Білім күні тиісті төлемақы беріліп тұрады екен. Теміржолшылар әрі қарай да көпбалалы отбасыларды назардан тыс қалдырмайтындарын жеткізді.

*Ислам ТАЛҒАТ*

БҮГІНГІ САН

**БЫЛТЫР МАМЫР АЙЫНАН БИЫЛ ҚАҢТАРҒА ДЕЙІН РЕСПУБЛИКАІШІЛІК БАҒЫТТА**

**55 млн тонна**

**КӨМІР ТИЕЛГЕН**

ЖАҢАЛЫҚТАР

## ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҮНЕМ – ПОЙЫЗ ТАРТЫМЫНДА




**Семей ЖТ бөлімшесі теміржолшылары үнем мен табысқа негізделген және экономикалық тиімділігі мол жаңашыл шараларға ден қоюда. Соның ішінде электр энергиясы мен жанар-жағармай шығынын азайту мәселесі биыл да тың қырынан қарастырылуда.**

Бұл ретте бөлімше басшылығы мен аталмыш бағыт бойынша жауапты мамандар тарапынан пойыз тартымына жұмсалатын жанармай шығынын үнемдеу осыған дейін де қолға алынып, оң нәтижелер берген болатын. Мәселен, өткен жылғы көрсеткіш бойынша 120 млннан жоғары қаражаттың 529,3 тонна дизельді отыны үнемделініпті. Оған себеп көп, бірінші кезекте тепловоз паркі эксплуатациясын 1,43 бірлікке дейін төмендетіп, вагон айналымын тиімді қолдану оң нәтиже берген. Соның аясында өткен жылы тоннакилометрлік жұмыс 102,8 пайызға артық орындалыпты.

Ал, биыл бұл бағыттағы жұмыстар қаңтар айынан бастап қайтадан қолға алынды. Бөлімшенің өндірістік-техникалық бөлімі мамандарының айтуынша, ол үшін арнайы жоспар әзірленіп бекітілген. Осы орайда, биылғы меже бойынша пойыз тартымына жұмсалатын дизельдік отынды 481,2 тоннаға дейін, яғни, шамамен 110 млн теңгеге дейін үнемдеу жолға қойылып отыр. Ол үшін тиімділік әкелетін іс-шаралар, атап айтсақ, ауыр салмақты, ұзын жылжымалы құрамды пойыздарды құрастыру, тепловоздарды пайдалану паркінің жүк түріндегі қозғалысын азайту, станциялардағы негізгі және айналым уақытын төмендету сынды кешенді жұмыстар легі күтіп тұр.

Бүгінгі таңда осынау көрсеткіштер бойынша бөлімшеде арнайы мамандар іс барысын бастап кетті. Басты мақсат – пойыздар тартымына дизель отынын нақты тұтынуды азайту, үнемдеу арқылы шығынды азайта отырып жылдық қосымша кірісті еселеу негізгі меже саналуда.

*Қуан ЕРТІС, Семей*
*Суретті түсірген автор*

## ПЕРРОНДЫ ҚАРДАН ТАЗАРТУДА



**Қыс маусымында жолаушылар қауіпсіздігі басты назарда. Ақтөбеде жүзден аса теміржолшы мұз басқан перронды тазалауға шықты.**

Үскірік аяз бен қалың қар қаланы да, даланы да әжептеуір әуреге салып жатыр. Ақтөбелік теміржолшылар қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қар тазарту жұмыстарын үздіксіз жалғастыруда. Әсіресе, вокзал маңы мен перронды қар мен мұздан тазарту – бірінші кезекте назарға алынуда. Себебі, келетін-кететін жолаушылардың тайып жығылып майып болмауы ескерілуі қажет.

– Станциялықтармен қатар барлық теміржол мекемелері апта сайын қар тазалау сенбілігін ұйымдастырудамыз. Әрбір мекемеден кезекпен оншақты адамнан қатысып, төңіректі қардан және мұздан тазалау жұмыстарына шамамен жүзден аса адам шығып тұр. Пойыздан жолаушылар түсетін жерлердің мұзын алып, жүруге ыңғайлы етіп жатырмыз, – дейді Ақтөбе станция басшысының орынбасары Асан Жұмағұлов.

Қар тазалау жұмыстарына жұмысшылармен қатар, бір техника шығарылған. Мұз боп қатқан қарды лезде жинап шыққан техниканың ізінен жұмысшылар машинаға ілінбей қалған жерлерді тазартып жатыр. Ал вокзал шаруашылығының қызметкерлері жолаушылардың жолына тұз бен құм себуде.

Сайып келгенде, қыстың көзі қырауда теміржолда құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жолаушы халыққа қолайлы жағдай жасау үшін ақтөбелік теміржолшылар барлық мүмкіндікті жасауда.

*Ардақ САТТАРҚЫЗЫ, Ақтөбе*
*Суретті түсірген автор*

## САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

**Күні-түні қозғалыс бір саябырсымайтын теміржол бойында сақтық шаралары жүз пайыз жүзеге аса бермейтіні рас. Қауіп пен қатерге толы саладағы сәл ғана қателіктің салдары өмір бойы өкіндіретін оқыс оқиғаларға ұрындырып жатады.**

Сондықтан, қашан да «екі шоқып, бір қарап» тірлік жасайтын теміржолшылар халыққа сақтықта қорлық жоқ екенін қайталап айтудан жалыққан емес. Оған мысал көп. Мысалы, «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ «Шымкент бөлімшесі ЖТ» филиалында өткен жылы бір ғана өндірістік жазатайым оқиға орын алыпты. Нақтырақ айтқанда, 2018 жылы шілде айында Сарыағаш станциясында «Альянс Транс Сервис» компаниясының кірме жолына вагон беру кезінде маневрлік тепловоз күзетілмеген автокөлік өткелінде көлік пен маневрлік құрам арасында соқтығыс болған. Салдарынан пойыз құрастырушының көмекшісі Ахметов сол жақ аяғынан жарақат алды. Осы жағдай бойынша мемлекеттік инспектордың актісіне сүйене отырып, Азаматтық кодекстің 931-бап, 1-тармағына сәйкес, аталған оқиғаға MAN автокөлігінің жүргізушісі кінәлі деп танылды.

*Жансая СЫДЫҚБАЙ, Шымкент*

АЙМАҚ

# ТҮБЕК ТЫНЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Мұхтар Махамбет, Тасымалдау үдерісін үйлестіру департаментінің директоры Алпамыс Балғынбеков және жедел-нұсқау бөлімі бастығының орынбасары Шыңғыс Мерғалым Маңғыстауға барып, түбек теміржолының бүгінгі жай-күйімен танысты.

**Ұлан ОРАЗ,**
*Маңғыстау*

Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесін ақпанның 11-13 аралығында аралаған олар осы іссапар шеңберінде диспетчерлік аппарат жұмысын, оның заманауи техникалық жабдықталуын, “Қазтеміртранс” АҚ филиалының диспетчерлік жұмысын, АСУ ДКР жүйесі қызметін көріп, Маңғыстау торабы жұмысшылары мен басшыларының қатысуымен пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін талқылау жөнінде тораптық жиын өткізді, сонымен қатар логистикалық-инфрақұрылымдық нысандары, атап айтқанда, Ақтау теңіз сауда порты, Құрық портының паром кешені, "Ақбидай" және "Солтүстік" астық терминалдарын аралады. Тораптық жиында 2018 жылдың қорытындысы және биылғы жылға жоспар құру, пайдалану көрсеткіштерінің орындалуы сөз болды.



– Жалпы 2018 жыл компаниямыз үшін табысты жылдардың бірі болды, жүк тасымалдау көрсеткіштерінің нәтижелері жақсы деп айтуға болады. Бірақ жұмыс барысындағы жіберілген қателіктер мен кемшіліктер бар, әсіресе қауіпсіздік бойынша орын алған кемшіліктер. 2017 жылдың көрсеткішіне қарағанда былтыр кем-кетік 33 пайызға азайған, дегенмен адам факторының кесірінен, яғни дұрыс жұмыс жасамау, жұмысқа салғырттық кемшіліктерді көбейіп отыр, – деді Алпамыс Балғынбеков.

Қауіпсіздік туралы сөз етсек, адамдардың жолға шығып кетуіне байланысты орын алатын оқыс жағдай, бақытсыз оқиғалар Алматы, Жамбыл және Шымкент бөлімшелерінде көп байқалады екен, оның бірден-бір себебі халықтың тығыз орналасуы, халық санының көп болуы, тұрғын үйлердің темір жолға жақын болуы немесе оқушылардың мектепке қатынауы кезінде темір жолды кесіп өтуінен деген тұжырым жасалуда.

Іссапар қорытындысында бөлімшенің тиімді жұмысын арттыру жөніндегі ұйымдастырушылық техникалық шаралар кешені жасалды. Бөлімше жұмысына оң баға беріліп, алдағы уақытта бизнес үдерістерді жақсарту бойынша ұсынымдар айтылды. Сонымен қатар жиналыс қаулысымен құрылымдық бөлімшелердің басшыларына «ҚТЖ» бойынша тасымалдау процесі кезінде пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету, орталық аппараттан келіп түскен бұйрықтарды уақытылы орындау тапсырылды. Ал бөлімше басшыларына 2018 жылдың көрсеткіші бойынша анықталған дизель отынын шамадан артық пайдалану 2019 жылы қайталанбауы үшін жұмыс жүргізу, тапсырыс берілген тепловоздар 2 сағаттан артық тұруын болдырмау үшін диспетчерлік аппаратпен қатаң түрде жұмыс жасау, рейстік және варианттық пойыздарын уақытылы жүргізу, локомотивтік паркті өз көлеміне қарай пайдалану, аз локомотивпен көп жұмыс жасау, «Машинистердің ескерту кітабы» бойынша тіркелген кемшіліктермен жұмыс жүргізу, машинистердің жағдайына, жұмысқа шығуына және еңбек қорғау бойынша көңіл бөлу, әрбір локомотив сағатын санап, локомотивтердің техникалық жағдайын үнемі бақылауға алу міндеттері жүктелді.

*Суретті түсірген автор*

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

# КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ КӨЛЕМІ АРТҚАН

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Бахытбек Мұқашұлы бағдарламалық-есептеу борттық жүйелерімен жабдықталған жаңа буынның жол диагностикалау құралдары болып МДК-ның жол шаруашылығы нысандарының нақты жағдайын ескере отырып, жол-жөндеу жұмыстарына қажетті қажеттіліктерді анықтауға, талдау және болжам жасау мақсатында жол жағдайының деректер базасын жасақтауға мүмкіндік беретінін айтады. Үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында осындай 3 бірлік, ал екінші жартыжылдығында тағы да 3 МДК алу көзделіп отырған көрінеді. Бұл жүйе болашақта барлық бөлімшені қамтып, жол шаруашылығын басқарудың автоматтандырылған негізгі жүйесінің біріне айналмақ.

– Жалпы күрделі жөндеу көлемі артып отыр. Жол кешенін дамытудағы негізгі бағыттар темірбетонды рельсасты негіздегі жол полигоны мен бағыттағыш бұрмаларды әрмен қарай көбейту, сонымен қатар берік бекітпелер мен мейлінше ұзын рельс бунақтарына көшу, ресурсжинақтау, жер төсемінің салмақ түсетін қабілеттілігін нығайту болып отыр. Биыл 428 км ұзындықты құрайтын телімде күрделі жөндеу, 151 км көлемінде орта жөндеу, 130 км жолда күшейтілген орта жөндеу жүргізу жоспарланып отыр, сондай-ақ, 300 км жол бойына малға қарсы қоршау орнатылып, 550 км жол бойындағы қоршау жөнделмек. Ал электрмен жабдықтау шаруашылығында 11918 км байланыс желісіне, ПЭС және АБ әуе желісіне ағымдық жөндеу жүргізіп, байланыс желісіндегі қысқыштар мен оқшаулағыштарды, сондай-ақ, өтемдік құрылғылардың болат арқандарының жиынтығын алмастыру қарастырылған. Белгі беру және байланыс шаруашылығында НР типіндегі релені НМШ кіші габаритті релеге алмастыра отырып, қолданыстан шығару жоспарланған. Бұл жұмыстар 5 станцияда жүргізіледі. Сонымен қатар 5 аралыққа Шалқар әдісі бойынша уақытша екі жақты автоблокировканы енгізу көзделіп, апаттық аккумуляторларды ОРС-3-ке алмастыру жоспарланған, – деп түйіндеді сөзін ағымдағы жыл еншісіне межеленген жұмыстар легімен де бөліскен қауіпсіздік маманы.

**Сұлугүл БАКЕСОВА**

НӘТИЖЕ

# АЙЛЫҚ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Жылжымалы құрамның қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды жетілдіру және оның шараларын арттыра түсу мақсатында өткен жылы жарияланған техникалық оқу айлығының нәтижесінде Қызылорда ЖТ бөлімшесі мен осы бөлімшеге қарасты Қазалы вагон пайдалану депосы ұжымдары «ҚТЖ-ЖТ» АҚ басшылығының марапатын иеленді.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Қызылорда*

Бөлімшенің техникалық бөлім басшысы Жарқынбек Рсымбетовтің айтуынша, бір айға жарияланған техоқу айлығы барысында бөлімше мекемелерінде техникалық сабақ өткізілетін кабинеттерде қарбалас жұмыс жүргізіліп, оның бәрі жеке құрамның теориялық білімін арттырып, тәжірибесін шыңдауға мән берілген.

– Өткен жылы жарияланған техникалық оқу айлығы нәтижесінде жекеленген мекемелердің бір айда өткізген табанды жұмысы «ҚТЖ» басшылығы тарапынан оң бағасын алып, Қызылорда ЖТ бөлімшесі «үздік техникалық кабинет» және «үздік видеоролик» аталымында екі II орын, ал Қазалы вагон пайдалану депосы «үздік техникалық кабинет» номинациясында I орын, «үздік ролик» аталымында II орын иеленіп отыр, – дейді техбөлім басшысы.

Еске сала кетсек, өткен жылы жаппай жүргізілген техникалық оқу кезінде техникалық сабақтардың сапасын арттыру және тиімділігіне басымдық беру мақсатында «техникалық оқуға айрықша назар бөлу» айдарымен бір айлық мерзімге айлық жарияланған. Әрине, тек айлық кезінде ғана емес, жылдың барлық мерзімінде бекітілген кесте бойынша мамандар біліктілігін арттырып, олардың өндірістік жұмыстар кезінде теориялық білімі мен тәжірибесін арттыру мақсатында өткізілетін техсабақтардың орны ерекше екені рас. Себебі теориялық жағынан қарайып қалған мамандар болса, сол сабақ барысында ұмытқанын еске түсіріп, білімін шыңдай түседі. Айлық кезінде жаңаша сипатта жүргізілген техсабақтар заман талабына сай жаңа форматта өткізіліп, бөлімше теміржолшыларының білім-білігін арттыруға сеп болды.

Сонымен қатар техникалық сабақ өткізілетін кабинеттер оқу стендісімен, макеттермен, сандық технологиялық құралдармен жарақталды және қосымша пайдаланылатын құрал-саймандармен толықтырылды. Қазіргі таңда өткен жылы басымдық берілген техникалық білімді арттыру шаралары жалғасын табуда.

ҚАУІПСІЗДІК

# ШҰҒЫЛ ТЕЖЕУ КӨП

Матай локомотив пайдалану депосында шұғыл тежегіш басу жайттары артып отыр. Мысалы, өткен жылы машинистер 129 шұғыл тежегіш қолданған, ал алдыңғы жылы локомотив бригадалары 111 рет шұғыл тежегіш басқан еді.



**Елена ҚОЛДАСБАЕВА,**
*Алматы*

Шұғыл тежегіш басу себептері әртүрлі: басудың алдын алу – 82 жағдай, жолдағы мал – 75 жағдай, 29 – басу оқиғасы. Жолдағы адам – 7 оқиға, басу –1 оқиға.

Осы жағдайларды ескере келе, депода пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар әзірленді. Автотежегіштерді басқару жөніндегі локомотив бригадаларының, инженерлердің жылдамдық өлшегіш лентасреларды, тіркеу кассетасын таратып жазу бойынша бұзушылықтарды болдырмау үшін «Жылжымалы құрамның тежегіштерін пайдалану жөніндегі нұсқаулық» талаптарының орындалуына тұрақты бақылау жүргізілуде. Пайдалану жұмысын жақсартуға бағытталған барлық ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар атқарылуда.

Депо бастығы Нұрлан Есболовтың айтуынша, машинистердің рапорттары бойынша ақпараттарды қатысы бар ұйымдарға дер кезінде жіберуге күнделікті бақылау, локомотив бригадаларының командалық-нұсқаушы құраммен және өртке қарсы қауіпсіздік мәселелері бойынша басқа да қызметтермен өзара іс-қимыл жасау тәртібі белгіленген.

– Командалық құрам локомотив бригадаларының ТПЕ, ИСИ, ИДП талаптарын, қолданыстағы нұсқаулықтар мен бұйрықтарды орындауын тәулік сайын бақылауды, сондай-ақ локомотив бригадалары сағаттарының айлық өндірілуін реттеуді бақылауды белгілеген, – дейді депо бастығы.

Әдетте локомотив бригадаларының бұзылуының барлық жағдайлары техникалық сабақтарда және жоспарлы кеңестерде пысықталады, техникалық бюллетеньдер шығарылады, локомотив бригадаларын локомотивтерде, БӨА орындау кезінде көрсете отырып, практикалық оқыту жүргізіледі. Сонымен қатар, депо басшылығы, локомотивтерді жөндеуді бақылау бөлімі және оқыту жөніндегі машинист-нұсқаушылар тарапынан бақылау күшейтілген.

Қай уақытта болмасын Матай депосы мықты техникалық кадрларымен, локомотив шаруашылығындағы ең бейінді кәсіп – машинистерімен танымал, сондықтан да мұнда кадрларды даярлауға айрықша көңіл бөледі. Локомотив бригадалардың барлық сериядағы локомотивтерге қызмет көрсету және пайдалану тәртібін меңгеру үздіксіз жүргізіледі.

*Суретті түсірген автор*

МОДЕРНИЗАЦИЯ

# ВАГОННОЕ ДЕЛО: СТАВКА НА НАДЕЖНОСТЬ




**Конкурентоспособность железных дорог зависит от многих факторов. Одним из важных является вагонное хозяйство. Ситуация с грузовыми вагонами в стране развивается волнообразно от дефицита к профициту и в обратном направлении. От их состояния во многом зависят основные показатели железной дороги по грузопогрузке. Поэтому к этим вопросам пристальное внимание не только со стороны крупнейшего оператора грузового вагонного парка РК «Қазтеміртранс», который осуществляет оперирование грузовыми вагонами, проводит их ремонт и модернизацию, оказывает транспортно-экспедиционные услуги, но и частных владельцев и операторов вагонов, объединенных в ассоциацию КазАПО. О сегодняшней ситуации с вагонным хозяйством рассказал директор департамента вагонного хозяйства АО «КТЖ – Грузовые перевозки» Ельбек Тулеуленов.**

**Ирина БЕКТИЯРОВА,** *Алматы*

**– Ельбек Майданович, расскажите, какова в настоящее время ситуация с вагонным хозяйством на казахстанской железной дороге?**

– За последние два года наблюдается увеличение парка. К примеру, в 2018 году списан 1 781 вагон, приобретено АО «Казтеміртранс» и частными операторами 6 410 вагонов. И пополнение парка на такое количество новых вагонов у нас произошло впервые по сравнению с прошлыми годами.

Департаментом вагонного хозяйства проведен анализ текущего состояния парка грузовых вагонов РК, поступления грузовых вагонов в плановые виды ремонта, а также анализ отцепок грузовых вагонов в текущий отцепочный ремонт. В ходе анализа установлено, что средний возраст вагонов по состоянию на 1 января 2019 года составляет 19 лет.

**– Выходит, этот показатель увеличился за предыдущие годы, когда возраст определялся в 15-17 лет. Означает ли это, что подвижной состав чаще требует ремонта?**

– У нас есть данные отцепки грузовых вагонов в текущий отцепочный ремонт (ТОР) и погрузки вагонов. Если в 2014 году их отцеплено в ТОР 139 тысяч, то уже в 2017 году – 128, в 2018 году – почти 125,3 тысячи вагонов. В целом, отцепки вагонов пропорциональны объемам погрузки вагонов.

Также мы наблюдаем снижение отцепок по претензиям к качеству изготовления, увеличение отцепок по претензиям к качеству проведения капитального ремонта и увеличение отцепок к качеству проведения плановых видов ремонта, начиная с 2017 года. За 2018 год из плановых видов ремонта выпущено 51 043 вагона, из них 5 389 (или 11%) возвращены на повторный ремонт приемщиками вагонов и 1 370 вагонов (или 4%) отцеплены в ТОР с претензией к качеству ремонта.

**– Скажите, каковы основные причины, по которым требуется ремонт?**

– Всего в ТОР за 2018 год отцеплено 125 297 вагонов. Из них в зависимости от неисправностей: по кузову – 30%, по колесным парам – 24%, по автотормозам – 24%, по тележкам – 19%, по автосцепке – 3%.

Надо отметить, что в целом, начиная в 2014 года, увеличиваются отцепки по неисправностям колесных пар. Также заметно, что отцепки полувагонов пропорциональны общему числу отцепок. Из общего числа отцепок по колесным парам, которые составляют 28 128 вагонов, 65% пришлось на отцепки по не-исправности тонкий гребень. Заметно ежегодное увеличение отцепок именно по этой причине.

**– В связи с этим какие принимаются меры?**

– В настоящее время в АО «НК «ҚТЖ» рассматривается возможность снижения норматива минимальной толщины гребня колесных пар грузовых вагонов с 25 до 24 миллиметров. По данному вопросу имеется заключение АО «Научно-исследовательский институт железнодорожного транспорта», а также техническое заключение АО «Научно-исследовательский и конструкторско-технологический институт подвижного состава» о возможности эксплуатации колесных пар с толщиной гребня 24 миллиметра.

> НЕОБХОДИМО АКТУАЛИЗИРОВАТЬ ПОРЯДОК ПРИЕМКИ ВАГОНОВ С ПОДЪЕЗДНЫХ ПУТЕЙ НА МАГИСТРАЛЬНУЮ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНУЮ СЕТЬ С УЧАСТИЕМ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ПЕРЕВОЗЧИКА И ГРУЗООТПРАВИТЕЛЯ.

Анализ надежности буксового узла показывает ежегодное увеличение отцепок по этой причине. С 2014-го по 2017 год допущено по одному случаю изломов шеек оси, в 2018 году – 3.

Мы видим пути повышения надежности буксового узла. Предлагаем применять смазку «Буксол» и переход на подшипники повышенной надежности – сдвоенные и кассетного типа.

**– Что предпринимается для улучшения ситуации в вагонном хозяйстве?**

